

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық
Медицина Университеті



Кафедра: Эпидемиология

Дезинфектологияның даму тарихы

Орындаған: Толышбай Ұ.Б.

Қабылдаған:

Тобы: 13-001-02

Факультет: ҚДС

Курс: 3

Алматы 2016 жыл

Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

2.1. Дезинфектологияның даму тарихы

2.2. Дезинфектология салалары

2.2.1. Дезинфекция

2.2.2. Дезинсекция

2.3.3. Дератизация

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

□ Гигиена ғылымының негізін салушы отандық белгілі ғалымдар А.П.Доброславин және Ф.Ф.Эрисман. Осы ғалымдар дезинфекция саласын теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жан – жақты зерттеген. А.П. Доброславин (1842-1889) дезинфекцияның мақсаты мен міндетін анықтады, сонымен қатар, дезинфекцияның дезодорацияға тәуелсіз, бөлек ұғымдар екенін айтты. Қоздырғыш тек органикалық зат, ал хлор және күкірт диоксиді осы органикалық заттарды жойғыш әсер көрсетеді. Сондықтан, бұл заттар дезинфектанттар болып табылады деген қорытындыға келді. Бірінші болып Доброславин герметикалық жабық вагонда дезинфекциялаушы зат ретінде қаныққан бу қысымын қолданды. Осы кезде бу температурасы 105 градусқа дейін жоғарылады.

- ❖ Дезинфектология ілімінің техникаларды ойлап негізін салушылардың келесі өкілі С.Э.Крупин (1856 – 1900). Ол дезинфекция жасауға арналған құралдар мен техника ойлап тапқан. Дезинфекциялаушы бу камерасын жасауды ұсынған және құрастырған. 1883 жылы Петербургте құрылған «дезинфекциялық станцияның» алғашқы жетекшісі Крупин болды.
- ❖ Крупиннен кейінгі дезинфектологияның дамуына үлес қосқан Әскери - медициналық академияның басшысы В.А. Левашов (1864 – 1916), кейінен Петербургтегі дезинфекциялық станцияны басқарды. Ол дезинфекция саласына қатысты жиналып қалған жұмыстардың барлығын бір жүйеге келтіріп, ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосқан.



Петербургтегі «Әскери – медициналық» академияның дезинфекция кафедрасына бірінші болып профессор Я.Л. Окуневский (1876 – 1940) жетекшілік етті. Ол жаңа дезинфектанттарды (формалин, аммиак, күкірт диоксиді және т.б.) зерттеді, әртүрлі объектілерде камералық залалсыздандыру әдісін қолдануды үйренді. Окуневский дезинфекцияның барлық сұрақтарына жауап алуға болатын бес томдық әдістемелік құралды құрастырған. Оның аянбай еңбек етуінің арқасында, дезинфекция қарқынды түрде дамыды және өз алдына жек ғылым болып қалыптасты.

Дезинфекциялық істің дамуына елеулі үлес қосқан ғалым П.А. Пацановский (1878 – 1948), Крупин мен Левашовтан кейін Петербургтегі дезинфекциялық станцияға басшылық етті.



★ Н.Ф.Гамалея (1858 – 1949) әртүрлі қоздырғыштармен: паразитарлық сүзек, холера, ішек таяқшалары, оба қоздырғыштармен күресу шаараларын жүргізген. 1910 жылы дезинсекция терминін ғылымға енгізді.

★ Кейіннен Дезинфектология Ғылыми Орталығы Петербургтен Мәскеуге көшірілді. 1933 жылы Мәскеу қалалық дезинфекциялық институт құрылды (НИИД МЗ РФ). 1944 жылдан 1976 жылға дейін профессор В.И.Вашков басқарды. Ол дезинфектологияның барлық саласына жаңалықтар енгізіп, дамуына өз үлесін қосқан. Оның еңбегі 1952 жылы баспадан шыққан « Дезинфекция, дезинсекция және дератизация бойынша нұсқаулық» деген атпен белгілі, қазіргі таңға дейін оқу құралы ретінде қолданылып келеді.




Дезинфектология – қоршаған ортаға қауіп туғызатын әртүрлі патогенді микроорганизмдерді жоюға бағытталған іс – шаралар жүйесі.
Мақсаты: қоршаған ортадағы патогенді қоздырғыштардың көзін жою.



Дезинфекция



Дезинсекция



Дератизация



Дезинфекция

- Дезинфекция француздың «des»- теріс, латынның «enfektion» - инфекция деген сөзінен құралған.
- Қоршаған орта объектілеріндегі жұқпалы ауру қоздырғыштарын аластату немесе жою.



Дезинфекцияның мақсаты:

Тек қана патогендік микроорганизмдерді жою, залалсыздандырудың мақсаты – физикалық факторларды қолдану арқылы заттардағы микробтарды барлық түрлерін құрту, оларды жою. Сонымен медициналық стерелизация (тазалау) дегеніміз – заттар мен бұйымдарды физикалық, химиялық факторларды пайдаланып, оларды барлық микробтардан толық тазарту.



Дезинсекция



→ Жұқпалы аурулар қоздырғыштарын тасымалдайтын буынаяқтылар мен кенелерді құрту, сондай – ақ адамның еңбек етуіне және дем алуына кедергі жасайтын, санитарлық – гигиеналық маңызы бар өзге де шыбын – шіркейлерді жою.



ДЕРАТИЗАЦИЯ



★ Жұқпалы ауруды тасымалдайтын кеміргіштерді құрту, сондай – ақ олардан ауыл шаруашылық дақылдарын, тағамдарды және мүліктерді сақтау.



Қорытынды:

- ✓ Дезинфектология ғылымы қазіргі таңда қарқынды түрде дамып келеді. Осыған байланысты әртүрлі қоздырғыштардың көзін жою, олармен күресу шаралары оң нәтиже көрсетуде. Дезинфектология ғылымының әрбір саласының маңызы аса зор. Бұл ғылымға ұдайы зерттеулер жүргізіп, жаңалықтар енгізіліп отырады. Жоғарыда аты аталған ғалымдардың ғылымға қосқан үлесі зор. Болашақта да дезинфектологияның жаңа қырлары ашылады деген сенімдемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- ❖ Әміреев С.Ә, Темірбеков Ж.Т. Эпидемиология. Т.1. Жалпы эпидемиология. – Алматы: Ғылым, 2000
- ❖ В.А.Кипайкин «Дезинфектология», 2003
- ❖ Интернет желісі